

Бекітемін
Мектеп директоры
К.Бираяков
«28» 08 2025 жыл



**«№14 жалпы білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің
«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы аясындағы
2025-2026 оқу жылына арналған тәрбие жұмысының
ЖОСПАРЫ**

2025-2026 оқу жылы

ТҮСІНІК ХАТ

Мемлекет басшысы Ұлттық құрылтайдың төртінші отырысында «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының атауын «Адал азамат» деп өзгерту туралы шешім қабылдады. (бұдан әрі – Бағдарлама). Бағдарлама бұған дейін іске асырылған бастаманың толыққанды жалғасы болып табылады. Бағдарламаның түпкі мақсаты «Адал азамат» тұжырымдамасының идеалдарына сай, патриоттық рухта тәрбиеленген, білімді әрі жасампаз ұрпақты қалыптастыру.

Жаңа оқу жылында тәрбие жұмысы МЖМББС сәйкес айқындалған негізгі 6 құндылық негізінде ұйымдастырылады.

Бағдарлама мазмұнына сәйкес ай сайын өткізілетін тұрақты іс-шаралар білім алушылардың біртұтас тұлғасын қалыптастыруға бағытталуы тиіс:

Қыркүйек – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы;

Қазан – тәуелсіздік және отаншылдық айы;

Қараша – әділдік және жауапкершілік айы;

Желтоқсан – бірлік және ынтымақ айы;

Қаңтар – заң және тәртіп айы;

Ақпан – жасампаздық және жаңашылдық айы;

Наурыз – тәуелсіздік және отаншылдық айы;

Сәуір – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы;

Мамыр – бірлік және ынтымақ айы.

Маусым – жасампаздық және жаңашылдық айы;

2024–2025 оқу жылының қорытынды сауалнамасының нәтижесіне сәйкес, жаңа оқу жылында Бағдарлама аясында ұсынылған 6 әлеуметтік жоба мен алдын алу шаралары бойынша жұмысты күшейту ұсынылады.

***Тәуелсіздік және Отаншылдық**

*** Бірлік және ынтымақ**

*** Әділдік және Жауапкершілік**

*** Заң және Тәртіп**

*** Еңбекқорлық және Кәсіби біліктілік**

*** Жасампаздық және Жаңашылдық**

Тәрбиенің мәні – ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде білім алушылардың тұлғалық қасиеттерін қалыптастыру үшін жағдай жасау. Құндылықтар адамның белгілі бір әрекет етуге деген тұрақты сенімін білдіреді және жеке адамның да, бүкіл қоғамның да өркендеуінің негізі болып табылады. Құндылық білім алушының өмірлік ұстанымына, іс-әрекетіне, мінез-құлқына, дүниетанымына және этикалық нормаларды сақтауына әсер етеді. Әрбір құндылық оқу, тәрбие процесінде жүйелі түрде көрінеді. Тәрбиенің негізі – оқыту, тәрбие және дамудың бірлігін қамтитын үйлесімді дамыған тұлға «Толық адам» ұлттық идеалы болып табылады. Тәрбие – ұрпақты биік мұратқа жетелейтін сапалы білімнің тұғыры және тұлғаның адамгершілік тұрғыдан толысуын қамтитын үздіксіз процесс.

Тәрбие жұмысының негізгі әлеуметтік жобалары:

- «Қамқор» - әлеуметтік жобаларды жүзеге асыру арқылы құндылықтарды дәріптеу.
- «Еңбегі адал – жас өрен» - білім алушылардың әртүрлі мамандыққа деген қызығушылығын арттыру және еңбекқорлық идеясы арқылы құндылықтарды дәріптеу.
- «Smart bala» - инновациялық жобалар конкурсы арқылы құндылықтарды дәріптеу.
- «Шабыт» - білім алушылардың шығармашылық әлеуетін ашу арқылы құндылықтарды дәріптеу.
- «Ұшқыр ой алаңы» - тілдік дағдыларды дамыту және тақырыптық талқылау арқылы құндылықтарды дәріптеу.

«Балалар кітапханасы» - кітап оқуға және білім алуға қызығушылықты қалыптастыру

Тәрбие жоспары құндылықтарды қалыптастырудағы күнделікті, апта, ай сайын өткізілетін тұрақты іске асырылатын іс-шараларды қамтиды. Құндылықтардың білім, білік және дағды түрінде ұсынылған жүйесі оқу-тәрбие процесін ұйымдастыруда және сынып сағаттарын жоспарлауда қолданылады. Әр сынып сағатының соңында 10 минут көлемінде білім алушының жеке қауіпсіздігіне уақыт бөлу ұсынылады, яғни қауіпсіздік сағаты өткізіледі.

Тәрбие мен оқытудың сабақтастығын қамтамасыз ету үшін білім алушылардың білім, білік және дағдыларының сипаты ұсынылады. Ұсынылған құндылықтар жүйесін мектеп педагогтері сынып сағаттарын мақсатты түрде жоспарлауда және күнделікті сабақ мазмұнына кіріктіруде қолдана алады. Бұл білім алушылардың бойына құндылықтарды дарытуда және олардың табысты әлеуметтенуіне, зияткерлік және тұлғалық дамуына, сондай-ақ Қазақстанның болашақ азаматтарының кәсіби қалыптасуына ықпал ете алады.

2025-2026 оқу жылындағы атаулы күндер

- Қазақтың ұлы ақыны, ағартушы, саяси қайраткер Абай (Ибраһим) Құнанбаевтың туғанына 180 жыл (10.08.1845 – 1904);
- Жазушы, қоғам қайраткері, Кеңес Одағының батыры Мәлік Ғабдуллиннің туғанына 110 жыл (15.11.1915-02.11.1973);

- Қазақтың тұңғыш романының авторы, ақын, публицист, мәдениет және қоғам қайраткері Міржақып Дулатовтың туғанына 140 жыл (21.11.1885-05.10.1935);
- Жазушы, қазақ балалар әдебиетінің негізін салушы Сапарғалы Ысқақұлы Бегалиннің туғанына 130 жыл (24.11.1895-05.03.1983);
- Көрнекті ағартушы, тарихшы, публицист, лингвист, географ, музыка зерттеуші, археолог, этнограф Шоқан Шыңғысұлы Уәлихановтың туғанына 190 жыл (1835-1865);
- Халық қаһарманы, жазушы Бауыржан Момышұлының туғанына 115 жыл (24.12.1910-10.06.1982);
- Халық поэзиясының алыбы, ақын, ұлы жыршы Жамбыл Жабаевтың туғанына 180 жыл (1846-1945);
- Қоғам және мемлекет қайраткері, Алаш қозғалысының жетекшісі Әлихан Нұрмұхамедұлы Бөкейхановтың туғанына 160 жыл (25.03.1866-1937);
- Педагог, қоғам қайраткері Ахмет Қуанұлы Жұбановтың туғанына 120 жыл (29.04.1906-1968).

Тәрбиені нормативтік - құқықтық қамтамасыз ету

- Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Білім туралы заңы;

- Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы ҚР Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 249 Қаулысы;
- «Білім беру ұйымдарында «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2024 жылғы 30 шілдедегі № 194 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 26 мамырдағы № 123 бұйрығына ;
- «Тиісті типтердегі және түрлердегі мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығы;
- «Қазақстан Республикасы білім беру саласындағы қызметті жүзеге асыратын террористік тұрғыдан осал объектілерінің терроризмге қарсы қорғалуын ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы» ҚР БҒМ 30.03.2022 ж. № 117 бұйрығы;
- «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» (Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 26 желтоқсандағы № 518-IV Кодексі;
- «Кәмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссия туралы үлгі ережені бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 11 маусымдағы № 789 қаулысы;
- «Балаларды зорлық-зомбылықтан қорғау, суицидтің алдын алу және олардың құқықтары мен саламаттығын қамтамасыз ету жөніндегі 2023 – 2025 жылдарға арналған кешенді жоспарды бекіту туралы» ҚР Үкіметінің 31.08. 2023 ж. № 748 қаулысы;
- «Білім беру ұйымдарына және олардың аумақтарына әкелуге тыйым салынған, оларда пайдаланылуы шектелген нәрселер мен заттардың тізбесін бекіту туралы» ҚР БҒМ 25.05.2021 ж. № 235 бұйрығы;
- «Баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасындағы 2002 жылғы 8 тамыздағы N 345 Заңы;
- «Орта білім беру ұйымдарында сынып жетекшілігі туралы ережені бекіту туралы» ҚР БҒМ 12.01.2016 ж. №18 бұйрығы;
- «Ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 12.01.2022 ж. №4 бұйрығы;
- «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы ҚР Денсаулық сақтау министрінің 05.08.2021 ж. № ҚР ДСМ-76 бұйрығы;
- «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту, орта, арнаулы, қосымша, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы» ҚР БҒМ 6.04.2020 ж. №130 бұйрығы;
- «Орта білім беру ұйымдары үшін міндетті мектеп формасына қойылатын талаптарды бекіту туралы» ҚР БҒМ 14.01.2016 ж. №26 бұйрығы;
- «Орта білім беру ұйымдарында мектепішілік есепке алуды жүргізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 3 наурыздағы № 61 бұйрығы;
- «Баланы жәбірлеудің (буллингтің) профилактикасы қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 21 желтоқсандағы № 506 бұйрығы.

Ғылыми-әдістемелік және ақпараттық қамтамасыз ету

1. «Қазіргі жағдайда (заманауи) сынып сағаттарын ұйымдастыру» Әдістемелік ұсынымдар. Нұр-Сұлтан: Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2022 -116 б.
2. Орта білім беру ұйымдарында білім алушылардың тәртіп бұзушылығы кезінде әрекет ету алгоритмі – Астана: Ы.Алтынсарин атындағы ҰБА, 2022. – 43 б.
3. Жол қозғалысының қауіпсіздік негіздерін оқыту бойынша бастауыш сынып мұғалімдеріне арналған әдістемелік ұсынымдар. Әдістемелік ұсынымдар. Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2022. 42 б.
4. Орта білім беру ұйымдарында жаңа форматтағы ата-аналар жиналысын өткізу бойынша әдістемелік ұсынымдар. Әдістемелік ұсынымдар. Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2022. 67 б
5. «2024-2025 оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы орта білім беру ұйымдарындағы оқу-тәрбие процесінің ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хат. – Астана:
6. Ы.Алтынсарин атындағы ҰБА, 2024 2024-2025 оқу жылында Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдарында «Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы» қызметін ұйымдастыру бойынша нұсқаулық.

2025-2026 оқу жылында бастауыш, негізгі, орта білім беру ұйымдарында «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын жүзеге асыруға бағытталған іс-шаралар жоспары

№	Іс шаралар атауы	Аяқталу нысаны	Жауапты орындаушылар	Орындау мерзімдері
Күнделікті атқарылатын іс-шаралар				
1	-«Ұлттық ойын – ұлт қазынасы»: үзіліс кезінде білім алушылардың бос уақытын ойын түрінде ұйымдастыру – асық, тоғызқұмалақ, бес тас және т.б.; -«Өнегелі 15 минут» – ата-аналардың баласымен мінез-құлық және адамгершілік туралы күнделікті 15 минут жеке әңгімелесуі; -«Үнемді тұтыну» – суды, тамақты, энергияны тұтыну бойынша күнделікті табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру: жадынамалар, нұсқаулықтар мен парақшалар әзірлеу; -«Күй күмбірі» – қоңыраудың орнына күйді пайдалану, сондай-ақ үлкен үзіліс кезінде күй тыңдау; -«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында мектептерде үзіліс кездерінде «5 минут кітап оқу» (10 минуттық оқу, 20 минуттық оқу) акцияларын ұйымдастыру (ҚР Оқу-ағарту министрлігінің Республикалық ғылыми-педагогикалық кітапханасы оқуға ұсынылған көркем әдебиеттер тізімі бойынша: Абай Құнанбаев, Ахмет Байтұрсынов, Тахауи Ахтанов, Шерхан Мұртаза, Бердібек Соқпақбаев, сондай-ақ Эрнест Хемингуэй, Джек Лондон, Рабиндранат Тагор,	Үзіліс кезінде	Мектеп директоры, директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілер, аға тәлімгер, мектеп психологтары, әлеуметтік педагог т.б.	Күнделікті жыл бойы

	Александр Островский, Вальтер Скотт, Михаил Лермонтов т.б.).			
Апта сайын атқарылатын іс-шаралар				
1	-«Менің Қазақстаным» – оқу аптасының басында бірінші сабақта білім алушылар Қазақстан Республикасының Әнұранын орындайды; - «Апта дәйексөздері» – бүкіл білім беру ұйымның оқу және оқудан тыс іс-әрекетінің лейтмотиві ретінде қызмет ететін мақал-мәтелдер, халық даналығы, көрнекті тұлғалардың ұлағатты сөздері. Аптаның дәйексөздері ақпараттық стендтерде, Led-экрандарда, сынып тақталарында және т.б. орналастырылады; -«Қауіпсіздік сабағы» – жол қозғалысы ережелерін, өмір қауіпсіздігі негіздерін зерделеу, білім алушылардың жеке қауіпсіздігін, қауіпсіз мінез-құлқын және т.б. сақтауы туралы сынып сағаты шеңберінде 10 минут ақпарат беру немесе әңгіме өткізу.	Аптасына 1 рет	Мектеп директоры, директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілер, аға тәлімгер, мектеп психологтары, әлеуметтік педагог т.б.	Апта сайын жыл бойы
Ай сайын атқарылатын іс-шаралар				
1	 Жасөспірімдер арасындағы келеңсіз оқиғалардың алдын алу	Алдын алу шарасы	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп (ІД, ТЖД, Дін басқармасы, Денсаулық басқармасы, СӨС, және т. б.)	Айына 1 рет
Жыл бойы атқарылатын іс-шаралар				
1	 « Adal urpaq » жобасы аясында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылды жүзеге асыру жөніндегі	Бекітілген жоспар бойынша	Мектеп директоры, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, сынып	Жыл бойы

	іс-шаралары		жетекшілері, мектеп психологтары, әлеуметтік педагог	
2	 «Birgemiz: Qamqor» акциясы (қарттар үйлеріне, жалғыз басты қарияларға көмек көрсету) «Қамқор» жобасы	Акция	Мектеп директоры, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, волонтерлық клуб жетекшісі	Жыл бойы
3	 «Birgemiz: Taza Alem» акциясы (қоршаған ортаны қорғау, өзендер мен ормандарды тазалау, ағаш отырғызу және т.б.) «Қамқор» жобасы	Акция	Мектеп директоры, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, волонтерлық клуб жетекшісі	Жыл бойы
6	 Экологиялық білім мен тәрбиені дамыту жөніндегі 2025-2026 жылдарға арналған кешенді іс-шара жоспары	Жоспарға сәйкес	Мектеп директоры, директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілер, аға тәлімгер, жаратылыстану бірлестігі, экоклуб жетекшілері.	Жыл бойы жоспар негізінде
7	 «ДосболLIKE» – буллингтің/әлімжеттіктің алдын алу және тиімді әрекет ету үшін жағдай жасау бойынша акциялар өткізу	Акция	Мектеп директоры, директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілер, аға тәлімгер, мектеп психологтары, әлеуметтік педагог т.б.	Жыл бойы

ҚЫРКҮЙЕК – ЕҢБЕКҚОРЛЫҚ ЖӘНЕ КӘСІБИ БІЛІКТІЛІК АЙЫ

- ✓ 1 қыркүйек – «Білім күні»
- ✓ 5 қыркүйек – Қазақстан халқы тілдері күні
- ✓ Қыркүйектің екінші жексенбісі – Отбасы күні
- ✓ Қыркүйектің үшінші жексенбісі – Аналар күні
- ✓ Қыркүйектің соңғы жексенбісі – Еңбек күні

№	Тәрбие жұмысының атауы	Аяқталу нысаны	Жауапты орындаушылар	Орындау мерзімі
1-апта дәйексөзі: «Білім – қымбат қазына, қанағат тұтпа азына» (Мұзафар Әлімбаев)				
1	1 қыркүйек-білім күніне арналған «Мектебім–мейірім мекені» атты салтанатты жиынын 1, 9,11 сынып оқушыларына өткізу.	Салтанатты жиын,	ДТІЖО Ұйымдастырушы педагог Тәлімгер Сынып жетекшілер	1, қыркүйек 2025 жыл
2	«Менің Отаным – Қазақстан!» тақырыбында бірыңғай сынып сағаттарын өткізу	Сынып сағаттары	Сынып жетекшілер	2 қыркүйек
3	Мектеп оқушыларына «Мектептің ішкі тәртіп ережелері мен мектеп формасына қойылатын талаптары» ақпараттық түсіндіру жұмыстары	Түсіндіру жұмыстары әлеуметтік желіге #Біртұтас_тәрбие_ұлытау хештегімен жариялау	ДТІЖО Ұйымдастырушы педагог Тәлімгер Сынып жетекшілер	Қыркүйек
2	«Тілім менің ғасырларға аманат» (<i>А.Байтұрсыновтың туған күніне орай</i>)	Қазақстан халқы тілдері күніне арналған жалпы мектептік іс-шара	Тіл мамандары	1 апта
4	«Отбасы» күніне орай «Отбасы-тәрбиенің алтын бесігі» атты челленджін ұйымдастыру	Челлендж	ДТІЖО Ұйымдастырушы педагог Тәлімгер Сынып жетекшілер	Қыркүйек 2025 жыл

5	Сынып сағаты (<i>қауіпсіздік сабағы 10 мин</i>) Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы жұмысының бір бөлігі ретінде ата-аналарға баласының уақытты басқару және оны тиімді ұйымдастыра білу, оқу және уақытты бірлесіп жоспарлау тәсілдері туралы «Уақытты басқару және өзін-өзі ұйымдастыру» тақырыбында кеңес беру	«Ата-аналарды педагогикалық орталығы» Кеңес беру	қолдау	ДТІЖО Ұйымдастырушы педагог Тәлімгер Сынып жетекшілер Психолог Әлеуметтік педагог	Қыркүйек 2025 жыл
7	«ДОСБОЛІКЕ» бағдарламасы бойынша ұйымдастыру кезеңі	Ұйымдастыру кезеңі		ДТІЖО Ұйымдастырушы педагог Тәлімгер Сынып жетекшілер Психолог Әлеуметтік педагог	Қыркүйек 2025 жыл
8	Сынып сағаты: (<i>қауіпсіздік сабағы 10 мин</i>) «Қоғамдық мүлікті қорға» (1-4) «Буллингтен қорған!» (5-11) «Денсаулық басты байлық!» денсаулық күнін өткізу <i>қауіпсіздік сабағы (10 минут)</i>	Спорттық сайыс		ДТІЖО Ұйымдастырушы педагог Тәлімгер Сынып жетекшілер Дене шынықтыру пәнінің мұғалімдері	Қыркүйек 2025 жыл
9	М.Әуезовтің туған күніне орай «Ұлттың ұлы жазушысы» тақырыбындағы әдеби кеш	Әдеби кеш		Тіл мамандары Сынып жетекшілер	Қыркүйек 2025 жыл
10	Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздерін насихаттау мақсатында «Ерліктің нышаны-ерліктің белгісі» дәріс сабағын өткізу	Дәріс		ДТІЖО Ұйымдастырушы педагог Тәлімгер Сынып жетекшілер	Қыркүйек 2025 жыл

	4-апта дәйексөзі: «Еңбек – жай ғана қызмет емес, адам болмысының айнасы».(Абай)			
11	Сынып сағаты: Қауіпсіздік сабағы (10 минут) «Еңбегі адал-жас өрен» жобасы аясында 27-қазан «Еңбек» күніне орай «Еңбек елдің мұраты»	Сынып сағаты	Сынып жетекшілер	Қыркүйек
№	Тәрбие жұмысының атауы	Аяқталу нысаны	Жауапты орындаушылар	Орындау мерзімі
ҚАЗАН – ТӘУЕЛСІЗДІК ЖӘНЕ ОТАНШЫЛДЫҚ АЙЫ 1 қазан – Халықаралық қарттар күні 5 қазан – Мұғалімдер күні 24 қазан – Кітапханашылар күні 25 Қазан – Республика күні				
	1-апта дәйексөзі: «Ел-жұртымның бақыты аталатын, Сөнбесін мәңгі сенің, Отан, атың!»			
1	- Сынып сағаты (<i>қауіпсіздік сабағы 10 мин</i>) «Қамқор» жобасы аясында Қарттар күніне орай «Қариялы ел – қазыналы ел!» атты қайырымдылық акция ұйымдастыру «Қарт жүрген жер береке» тақырыбында 1-10 сыныптар арасында сынып сағаттарын өткізу;	Жоспар бойынша тақырыптық іс-шаралар	ДТІЖО Ұйымдастырушы педагог Тәлімгер Сынып жетекшілер	1 қазан 2025 жыл Қазан 2025 жыл
2	Білім алушылардың бойында азаматтық жауапкершілік дағдылары мен көшбасшылық, шығармашылық қабілеттерін дамыту мақсатында «Дублер» күнін ұйымдастыру	Жоспар бойынша тақырыптық іс-шаралар	ДТІЖО Ұйымдастырушы педагог Тәлімгер	Қазан 2025 жыл
3	Мұғалімдер күнін мерекелеуге арналған тақырыптық іс-шаралар өткізу: «Ұстаз-мектептің жүрегі» мерекелік бағдарлама; «Ұстаздарға мың алғыс!» тақырыбында ардагер ұстаздармен кездесулер ұйымдастыру; «Даналық ұстаздан» құттықтау бейнеролик	Жоспар бойынша тақырыптық іс-шаралар	ДТІЖО Ұйымдастырушы педагог Тәлімгер Сынып жетекшілер	Қазан 2025 жыл

4	«Объективте – тек қана позитив!» сыныппен фотосуреттер көрмесі	Көрме	ДТІЖО Ұйымдастырушы педагог Тәлімгер Сынып жетекшілер	Қазан 2025 жыл
5	Буккросинг –бірге оқимыз:кітаптың айналыста жүруі. «Өзің оқы, өзгеге ұсын» акциясы	Акция	Кітапханашы Сынып жетекшілер	Қазан 2025 жыл
2-апта дәйексөзі: «Туған жердей жер болмас, туған елдей ел болмас!»				
6	Сынып сағаты «Адалдық сағаты», Адалдық пен академиялық адалдық мәселелеріне арналған сағат <i>Қауіпсіздік сабағы (10 минут)</i>		Сынып жетекшілер	Қазан
7	«Жас Ұлан» балалар мен жас өспірімдер қоғамдық бірлестігінің қызметін ұйымдастыру, белсенділерін тағайындау, ұланбасын сайлау.	Сайлау, ұйымның мақсат міндеттерімен таныстыру	ДТІЖО Ұйымдастырушы педагог Тәлімгер Сынып жетекшілер	Қазан 2025 жыл
8	«Еңбегі адал–жасөрен» жобасын іске асыру бағытында «Күзгі асар» атты жәрмеңкесін ұйымдастыру.	Жәрмеңке	ДТІЖО Ұйымдастырушы педагог Тәлімгер Сынып жетекшілер	Қазан, 2025 жыл
9	25 қазан – Республика күні мерекесіне орай «Республикам менің!» бірыңғай сынып сағаттары, «Менің арманымдағы Қазақстан» сурет, «Туған елім Қазақстан!» атты мерекелік іс-шаралар «Жас Ұлан» ұйымына мектеп оқушыларын салтанатты түрде қабылдау .	Тақырыптық іс-шаралар	ДТІЖО Ұйымдастырушы педагог Тәлімгер Сынып жетекшілер	Қазан 2025 жыл
3-апта дәйексөзі: «Отанды сүю – отбасынан басталады!»				
10	«Ұшқыр ой алаңы» «Лудомания-қоғам дерті» дебат турнирі Сынып сағаты (<i>қауіпсіздік сабағы 10минут</i>)	Дебат турнирі	Дебат клубының жетекшісі	Қазан 2025 жыл
	Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздерін насихаттау мақсатында «Елтаңбасы	фото көрме	ДТІЖО Ұйымдастырушы педагог Тәлімгер	Қазан 2025 жыл

	елімнің неткен әсем, әдемі!» тақырыбында фото көрме өткізу		Сынып жетекшілер	
11	«Үздік оқырман», «Ең көп оқитын сынып», «Оқырман ана» мектепшілік байқау	Байқау	Кітапханашы Сынып жетекшілер	Қазан 2025 жыл
12	«Қауіпсіз орта - жарқын болашақ» тренинг	тренинг	Психолог Әлеуметтік педагог	
4-апта дәйексөзі: «Отаным – алтын бесігім!»				
13	Сынып сағаты: (қауіпсіздік сабағы 10 минут) «Демалыста кітап оқимыз» кітапханашылар күніне арналған мектепшілік іс-шаралар		Кітапханашы	Қазан 2025 жыл
ҚАРАША – ӘДІЛДІК ЖӘНЕ ЖАУАПКЕРШІЛІК АЙЫ 15 қараша – Ұлттық валюта күні-теңге 16 қараша – Халықаралық толеранттылық күні «Қатыгездіксіз және зорлық-зомбылықсыз балалық шақ» айлығы Біріккен Ұлттар ұйымының «Бала құқығы туралы» Конвенциясының қабылдау күні				
1-апта дәйексөзі: «Әділдік пен жауапкершілік – біртұтас ұғым!»				
1	Сынып сағаты: (қауіпсіздік сабағы 10 минут) «Шабыт» жобасын іске асыру бағытында білім алушылардың шығармашылық әлеуетін ашу арқылы құндылықтарды дәріптеу мақсатында «Мектеп театры» атты театр қойылымын ұйымдастыру	Театр қойылымы	Кітапханашы Сынып жетекшілер	Қараша, 2025 жыл
2-апта дәйексөзі: «Тура биде туған жоқ!»				
2	«Заң және тәртіп» құндылығы аясында білім беру ұйымдарында «Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу, суицид, бопсалау, нашакорлыққа жол бермеу» тақырыбында сабақ ұйымдастыру	дәріс	Психолог Әлеуметтік педагог Сынып жетекшілер ИДН	Қараша 2025 жыл

	Сынып сағаты: <i>(қауіпсіздік сабағы 10 минут)</i>			
3	Білім беру ұйымдарында 15 қараша- «Ұлттық валюта» күніне орай тақырыптық іс-шаралар ұйымдастыру <i>(жоспар бойынша)</i>	Тақырыптық іс-шаралар	Сынып жетекшілер	Қараша 2025 жыл
3-апта дәйексөзі: «Жауапкершілік – адамгершілік қасиеттің көрінісі»				
4	«Еңбегі адал жас өрен» жобасы аясында «Мамандықтар әлемі менің таңдауым», «Еңбек жемісі» атты ата-аналардың жұмысына саяхат апталығын Ұйымдастыру Сынып сағаты: <i>(қауіпсіздік сабағы 10 минут)</i>	Саяхат	Кәсіби бағдар жетекшісі Сынып жетекшілер	Қараша 2025 жыл
5	«Қиындықтармен күресу жолдары: салауатты тәсілдер» тренинг	тренинг	Психолог Әлеуметтік педагог Сынып жетекшілер	Қараша 2025 жыл
4-апта дәйексөзі: «Әділетте берік болсаң аяғың таймайды!»				
6	«Балалар кітапханасы» жобасы аясында 9-10 сынып арасында «Өзің оқы, өзгеге ұсын» дөңгелек үстел	Дөңгелек үстел	Кітапханашы Сынып жетекшілер	Қараша 2025 жыл
7	«Құқықбұзушылық пен әлімжеттікті анықтау» сауалнамасы	сауалнама	Психолог Әлеуметтік педагог	Қараша 2025 жыл
ЖЕЛТОҚСАН–БІРЛІК ЖӘНЕ ҰНТЫМАҚ АЙЫ 5 желтоқсан – Дүниежүзілік Еріктілер күні 16 желтоқсан – Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні				
1-апта дәйексөзі: «Бірлігі күшті ел озады»				
1	Сынып сағаты: <i>(қауіпсіздік сабағы 10 минут)</i> Кітап оқуға және білім алуға қызығушылықты қалыптастыру мақсатында «Балалар кітапханасы» жобасын іске асыру бағытында «Шын жүректен кітап сыйла» челленджі	Челлендж	Кітапханашы Сынып жетекшілер	Желтоқсан 2025 жыл
2	ҚР Тәуелсіздік күніне орай «Тәуелсіз елім –Қазақстан!» атты мәнерлеп оқу	Байқау	ДТІЖО Ұйымдастырушы педагог	Желтоқсан 2025 жыл

	байқауы 5-9 сыныптар		Тәлімгер Сынып жетекшілер Тіл мамандары	
3	«Ұшқыр ой алаңы» жобасын іске асыру бағытында «Тәуелсіздік-ел бақытты» атты дебат турнирін өткізу	Дебат турнирі	Дебат клубының жетекшісі	
2-апта дәйексөзі: « Ынтымақ жүрген жерде, ырыс бірге жүреді»				
4	Сынып сағаты: <i>(қауіпсіздік сабағы 10 минут)</i> 16 желтоқсан-ҚР Тәуелсіздік күніне орай тақырыптық іс-шаралар ұйымдастыру <i>(жоспар бойынша)</i>	тақырыптық іс-шаралар	ДТІЖО Ұйымдастырушы педагог Тәлімгер Сынып жетекшілер	Желтоқсан 2025 жыл
5	Сауалнама қорытындысы бойынша түсіндіру жұмыстары, <u>мектеп инспекторының</u> қатысуымен ұлдар және қыздар жиналысын ұйымдастыру.	Жиналыс	Психолог Әлеуметтік педагог Сынып жетекшілер ИДН	Желтоқсан 2025 жыл
6	«Тәуелсіздік тұғырым» кітап көрмесі	Көрме	Кітапханашы	Желтоқсан
3-апта дәйексөзі: «Бірлік болмай, тірлік болмас»				
7	Сынып сағаты: <i>(қауіпсіздік сабағы 10 минут)</i> «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында «Абайдың сөзі қазақтың бойтұмары» мәнерлеп оқу	Байқау	Кітапханашы Сынып жетекшілер Тіл мамандары	Желтоқсан 2025 жыл
8	«Дос болайық, ренжітпейік!» тренинг	тренинг	Психолог Әлеуметтік педагог	Желтоқсан 2025 жыл
9	«Біз біргеміз – буллингке жол жоқ!» тренинг	тренинг	Психолог Әлеуметтік педагог	Желтоқсан 2025 жыл
10	«Отбасындағы зорлық-зомбылықтың әсерін бағалау» сауалнамасы, авторы Н.Е. Лаврова	сауалнама	Психолог Әлеуметтік педагог	Желтоқсан 2025 жыл
11	Әлем таныған-Қазақстан! Қазақстанның даму тарихы, шежіресі.	Кітапханалық сабақ	Кітапханашы	Желтоқсан
4-апта дәйексөзі: «Ынтымақ – бұзылмайтын қорған»				
12	Сынып сағаты: <i>(қауіпсіздік сабағы 10 минут)</i> «Қош келдің жаңа жыл!» атты жаңа жыл кешіне	Іс-шара	ДТІЖО Ұйымдастырушы педагог	Желтоқсан

	арналған мерекелік бағдарлама		Тәлімгер Сынып жетекшілер	
ҚАҢТАР–ЗАҢ ЖӘНЕ ТӘРТІП АЙЫ				
<i>1 қаңтар – Жаңа жыл</i>				
1-апта дәйексөзі: Талап бар жерде тәртіп бар				
1	Сынып сағаты: <i>(қауіпсіздік сабағы 10 минут)</i> «Еңбегі адал-жас өрен» жобасын іске асыру бағытында білім алушылардың әртүрлі мамандыққа деген қызығушылығын арттыру және еңбекқорлық идеясы арқылы Құндылықтарды дәріптеу мақсатында «Менің сүйікті мамандығым» тақырыбында дөңгелек үстел ұйымдастыру	дөңгелек үстел	Кәсіби бағдар жетекшісі Сынып жетекшілер	Қаңтар 2026 жыл
2	«Smartbala» жобасын іске асыру мақсатында «Өнертапқыштыққа алғашқы қадам» атты байқауын өткізу	Байқау	Информатика, жаһандық құзыреттілік мұғалімдері	Қаңтар 2026 жыл
2-апта дәйексөзі : «Талап бар жерде, тәртіп бар»				
3	Сынып сағаты: <i>(қауіпсіздік сабағы 10 минут)</i> «Заң және тәртіп» атты айлығы барысында «Құқықтық сауаттылық заман талабы» құқық қызметкерлерімен кездесу	Кездесу	Психолог Әлеуметтік педагог Сынып жетекшілер ИДН	Қаңтар 2026 жыл
4	«Зорлық-зомбылықсыз балалық шақ» атты плакаттар байқауы	плакаттар байқауы	Психолог Әлеуметтік педагог Сынып жетекшілер	Қаңтар 2026 жыл
5	Сауалнама қорытындысы бойынша түсіндіру жұмыстары, инспекторының қатысуымен ата-аналар жиналысын ұйымдастыру, «Зорлық-зомбылықтың алдын алу» бойынша жаднама тарату	Жиналыс, жаднама	Психолог Әлеуметтік педагог Сынып жетекшілер ИДН	Қаңтар 2026 жыл
3-апта дәйексөзі : «Тәртіп – тәрбие бастауы»				
6	Сынып сағаты: <i>(қауіпсіздік сабағы 10 минут)</i> Оқушылар арасында экологиялық мәдениетті	Акция	ДТІЖО Ұйымдастырушы педагог	

	нығайту мақсатында «Дармарка-заттарға екінші өмір сыйла» атты қалдықпен жұмыс акциясы		Тәлімгер Сынып жетекшілер	
7	«Қамқор» жобасы аясында «Қар десанты» волонтерлік эстафета	волонтерлік эстафета	ДТІЖО Ұйымдастырушы педагог Тәлімгер Сынып жетекшілер	Қаңтар 2026 жыл
	4-апта дәйексөздері: «Әділет жолы- адал жол»			
8	Сынып сағаты: (қауіпсіздік сабағы 10 минут) Технологиялық және цифрлық дағдыларды ілгерілету, уақытпен қаржыны тиімді жоспарлау мақсатында «Интернеттің пайдасы мен зияны» тақырыбында эссе жазғызу, «Виртуалды әлемдегі бала қауіпсіздігі», «Қауіпсіз интернет» тақырыптарында пікір-сайыс,	Іс-шара	ДТІЖО Ұйымдастырушы педагог Тәлімгер Сынып жетекшілер	Қаңтар 2026 жыл
АҚПАН-ЖАСАМПАЗДЫҚ ЖӘНЕ ЖАҢАШЫЛДЫҚ АЙЫ 14 ақпан – Халықаралық кітап сыйлау күні Ақпанның бірінші сейсенбісі – Дүниежүзілік қауіпсіз интернет күні 14 ақпан-Ауған күні «Құқықтық тәрбие-құқықбузышылықтың алдын алу» айлығы				
	1-апта дәйексөзі: «Жасампаздық – бәрімізге өнеге»			
1	Сынып сағаты: (қауіпсіздік сабағы 10 минут) «Бала тәрбиесіндегі әкенің рөлі» атты дөңгелек үстел (8-9 сынып)	Дөңгелек үстел	Сынып сағаты	Ақпан 2026 жыл
	2-апта дәйексөзі: «Шығармашыл бала – ойлы бала»			
2	Сынып сағаты: (қауіпсіздік сабағы 10 минут) «Ауғанның асуында от кешкендер» кездесу	Кездесу	ДТІЖО Ұйымдастырушы педагог Тәлімгер Сынып жетекшілер	Ақпан 2025 жыл
	3-апта дәйексөзі: «Өнерлі бала - өрге жүзер»			
3	Сынып сағаты: (қауіпсіздік сабағы 10 минут) «Табиғатты аялайық» еліміздің табиғатымен	Танымдық сабақ	Ұйымдастырушы педагог Тәлімгер	Ақпан 2025 жыл

	таныстыру		Сынып жетекшілер	
4	«Білім күш – ой қару!» сынып сағаттары	сынып сағаттары	Сынып жетекшілер	Ақпан 2025 жыл
НАУРЫЗ–ТӘУЕЛСІЗДІК ЖӘНЕ ОТАНШЫЛДЫҚ АЙЫ 1 наурыз – Алғыс айту күні 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні 21, 22, 23 наурыз – Наурыз мерекесі 27 наурыз-Дүниежүзілік театр күні 30 наурыз – Дүниежүзілік Жер күні				
1-апта дәйексөзі: Патриотизм – ата-ананды құрметтей білуің...(Б.Момышұлы)				
1	Сынып сағаты: <i>(қауіпсіздік сабағы 10 минут)</i> «Шабьт» жобасын іске асыру мақсатында «Ананың аялы алақаны» Атты челленджі, «Аналар асыл жандар» тақырыбында 8 наурыз халықаралық әйелдер күніне арналған іс-шара.	Челлендж, іс-шаралар	ДТІЖО Ұйымдастырушы педагог Тәлімгер Сынып жетекшілер	Наурыз 2026 жыл
2	Наурыз мерекесінің жаңа тұжырымдамасына сәйкес 14 – 23 наурыз аралығында өткізілетін Наурызнама онкүндігінің іс-шараларын өткізу	Тақырыптық іс-шаралар	ДТІЖО Ұйымдастырушы педагог Тәлімгер Сынып жетекшілер	Сәуір 2026 жыл
3	"Қазағымның қазынасы- домбыра", «Күй күмбірі» атты домбырашылар челленджі ұйымдастыру	Челлендж	Домбыра үйірмесінің жетекшісі	Сәуір 2026 жыл
2-апта дәйексөзі: Тәуелсіздік – тәтті сөз ғана емес, ұлттық жауапкершілік				
4	Сынып сағаты: <i>(қауіпсіздік сабағы 10 минут)</i> «Қамқор» жобасын іске асыру бағытында «Таза Қазақстан» акциясы аясында беру мекемелерінде тақырыптық іс-шаралар ұйымдастыру <i>(жоспар бойынша)</i>	Акция	ДТІЖО Ұйымдастырушы педагог Тәлімгер Сынып жетекшілер	Наурыз 2026 жыл
5	22 Наурыз мерекесіне орай «Қош келдің –Өз Наурыз!» мерекелік іс шара	Мерекелік іс-шара	ДТІЖО Ұйымдастырушы педагог Тәлімгер	Наурыз 2026 жыл

			Сынып жетекшілер	
6	22 Наурыз мерекесіне орай «Қазақтың ұлттық бұйымдары» көрмесін ұйымдастыру	Көрме	ДТІЖО Ұйымдастырушы педагог Тәлімгер Сынып жетекшілер	Наурыз 2026 жыл
3-апта дәйексөзі: «Ар-намыс қана тәуелсіздікке тірек бола алады»				
7	Сынып сағаты: <i>(қауіпсіздік сабағы 10 минут)</i> «Қамқор» жобасын іске асыру бағытында « Жер сағаты » экологиялық акциясын ұйымдастыру	экологиялық акциясы	ДТІЖО Ұйымдастырушы педагог Тәлімгер Сынып жетекшілер	Наурыз 2026 жыл
8	«Эко-күнтізбе» айдары бойынша 5-8 сынып оқушыларына арналған «Экология балалар көзімен» атты жас суретшілер байқауы	Байқау	ДТІЖО Ұйымдастырушы педагог Тәлімгер Көркем еңбек пәнінің мұғалімі	Наурыз 2026 жыл
4 апта апта дәйексөзі: «Патриотизмі жоқ халық жаны жоқ тәнмен тең»				
10	Сынып сағаты: <i>(қауіпсіздік сабағы 10 минут)</i> 8-11 сынып оқушылары арасында халқына адал қызмет етуге баулу мақсатында «Мемлекеттік қызмет – елдің мүддесіне адал еңбек» тақырыбында эссе жазу	Эссе	Сынып жетекшілер Тіл мамандары	Наурыз 2026 жыл
СӘУІР–ЕҢБЕКҚОРЛЫҚ ЖӘНЕ КӘСІБИ БІЛІКТІЛІК АЙЫ 2 сәуір – Халықаралық балалар кітабы күні 7 сәуір – Дүниежүзілік денсаулық күні 12 сәуір – Ғылым күні 15 сәуір – Халықаралық мәдениет күні 18 сәуір – Халықаралық ескерткіштер мен тарихи орындарды қорғау күні 23 сәуір – Ұлттық кітап күні				
	1-апта дәйексөзі: «Еңбек - қуаныш, жалқаулық - айырылмас азап.» Абай Құнанбайұлы			
1	Сынып сағаты: <i>(қауіпсіздік сабағы 10 минут)</i>	Челлендж	ДТІЖО	Сәуір

	«Қамқор» жобасын іске асыру бағытында «Түлектердің ағаш егуі» Атты эко челленджін өткізу		Ұйымдастырушы педагог Тәлімгер Сынып жетекшілер	2026 жыл
	2 -апта дәйексөзі «Көп еңбек еткенге бақыт басын иеді.» Леонардо да Винчи			
2	Сынып сағаты: <i>(қауіпсіздік сабағы 10 минут)</i> «Қамқор» жобасын іске асыру бағытында «Tazalike» акциясының іс-шаралар жоспары аясында «Халықаралық құстар күні» акциясы ұйымдастыру	Спорттық сайыс	ДТІЖО Ұйымдастырушы педагог Тәлімгер Сынып жетекшілер	Сәуір 2026 жыл
	3-апта дәйексөзі «Болашағы зор мамандықтар жоқ, тек болашағы зор мамандар бар»			
3	Сынып сағаты: <i>(қауіпсіздік сабағы 10 минут)</i> 9-11 сынып оқушылары арасында «Мен таңдаған мамандық», атты сайыс өткізу	Сайыс	Кәсіби бағдар жетекшісі	Сәуір 2026 жыл
	4-апта дәйексөзі «Білікті білім жинап кәсіп етер, білімнің дәмін татып өсіп өнер»			
4	Сынып сағаты: <i>(қауіпсіздік сабағы 10 минут)</i> Жасөспірімдердің репродуктивті денсаулығын нығайту мақсатында «Дені сау ұрпақ–ұлт болашағы» атты арнайы мамандардың қатысуымен кездесу өткізу	Кездесу	ДТІЖО Ұйымдастырушы педагог Тәлімгер Сынып жетекшілер	Сәуір 2026 жыл
5	«Балалар кітапханасы» жобасын іске асыру бағытында « Кітап-сарқылмас рухани қазына » оқу сағаттары	оқу сағаттары	Кітапханашы Сынып жетекшілер	Сәуір 2026 жыл

МАМЫР–БІРЛІК ПЕН ЫНТЫМАҚ АЙЫ 1 мамыр-Қазақстан халықтарының бірлігі күні 7 мамыр-Отан қорғаушылар күні 9 мамыр-Жеңіс күні Мамырдың екінші жексенбісі-Аналар күні 15 мамыр-Отбасы күні 31 мамыр-Саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күні				
	1-апта дәйексөзі: «Күннің көзі ортақ, жақсының сөзі ортақ»			
1	Сынып сағаты: <i>(қауіпсіздік сабағы 10 минут)</i> 1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі күніне орай беру мекемелерінде тақырыптық іс-шаралар ұйымдастыру <i>(жоспар бойынша)</i>	Тақырыптық іс-шаралар	ДТІЖО Ұйымдастырушы педагог Тәлімгер Сынып жетекшілер	Мамыр 2026 жыл
2	«Интернетсіз қоғам» челлендж	челлендж	ДТІЖО Ұйымдастырушы педагог Тәлімгер Сынып жетекшілер	Мамыр 2026 жыл
	2-апта дәйексөзі: «Бірлік жоқ болса ұйым жоқ, ұйым жоқ болса күнің жоқ»			
3	Сынып сағаты: <i>(қауіпсіздік сабағы 10 минут)</i> 7 мамыр – Отан қорғаушылар күніне орай беру мекемелерінде тақырыптық іс-шаралар ұйымдастыру <i>(жоспар бойынша)</i>	Тақырыптық іс-шаралар	ДТІЖО Ұйымдастырушы педагог Тәлімгер Сынып жетекшілер	Мамыр
	3-апта дәйексөзі: Жалғанда ойлап тұрсаң бірлік керек, бірлікті ойлау үшін тірлік керек. (Төле би)			
4	Сынып сағаты: <i>(қауіпсіздік сабағы 10 минут)</i> 9 мамыр – Ұлы Жеңіс күніне орай беру мекемелерінде тақырыптық іс-шаралар ұйымдастыру <i>(жоспар бойынша)</i>	Салтанатты жиын	ДТІЖО Ұйымдастырушы педагог Тәлімгер Сынып жетекшілер	Мамыр 2026 жыл
	4-апта дәйексөзі: Тату елге тыныштық пен тоқшылық нәсіп. /Күлтегін/			
5	Сынып сағаты: <i>(қауіпсіздік сабағы 10 минут)</i> Халықаралық отбасы күніне орай «Отбасылық	Апталық	ДТІЖО Ұйымдастырушы педагог	Мамыр 2026 жыл

	дәстүрлер» тақырыбында апталық өткізу		Тәлімгер Сынып жетекшілер	
6	Саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күніне орай танымдық сағаттарын өткізу	танымдық сағаттары	ДТІЖО Ұйымдастырушы педагог Тәлімгер Сынып жетекшілер	Мамыр 2026 жыл
7	Мектеп бітіруші түлектері үшін « Мектебім, саған мың алғыс! » атты салтанатты іс-шарасын ұйымдастыру	Салтанатты жиын	ДТІЖО Ұйымдастырушы педагог Тәлімгер Сынып жетекшілер	Мамыр 2026 жыл
8	4 маусым-ҚР Мемлекеттік Рәміздері күніне орай «Рәміздерді құрметтеу-халықты құрметтеу» апталық ұйымдастыру	Апталық	ДТІЖО Ұйымдастырушы педагог Тәлімгер Сынып жетекшілер	Мамыр

ТӘРБИЕ ПРОЦЕСІНІҢ, ӨТКІЗІЛГЕН ІС –ШАРАЛАРДЫҢ САПАСЫН БАҚЫЛАУ

№	Бақылау тақырыбы	Бақылау мақсаты	Бақылау объектісі	Бақылау әдістері	Орындау мерзімдері	Жауаптылар	Қарау орны
1	Біртұтас тәрбие бағдарламсы бойынша түсіндіру жұмыстарын ұйымдастыру	Тәрбие жұмысының басымдықтарын және сапасын анықтау	Сынып жетекшілерінің жұмысы	Жоспардың орындалуын бақылау, талдау	Тамыз, қыркүйек	ДТІЖО	СЖО
2	Сынып жетекшілердің тәрбие жұмысының жоспарын бекіту және тексеру	Құжаттардың бірыңғай талаптарға сәйкестігін назарда ұстау	Сынып жетекшілердің жұмыс жоспары	құжаттамаларды зерделеу	Тамыз, қыркүйек	ДТІЖО	ПК
3	Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының жұмысының ұйымдастырылуы	Мектеп-оқушы-ата-ана жұмысының сапасын бағалау	Ата-аналармен жұмыс	тәрбие сағаттарының жоспарлары,, жиналыстар хаттамалары, ресурстар	Қыркүйе, мамыр	ДТІЖО	ПК
4	Дін саласындағы ақпараттық-ағарту	Дін саласындағы жұмыстардың	7-9 сыныптар	Құжаттар	Қараша	ДТІЖО	ДЖК

	жұмыстарының жүргізілуі	жүргізілу сапасын зерделеу					
5	«Жас ұлан», «Жас қыран», өзін-өзі басқару ұйымдары жұмысы	«Жас ұлан», «Жас қыран» ұйымдары, өзін-өзі басқару органдары жұмысының тиімділігін айқындау	Өзін-өзі басқару ұйымы	құжаттамаларды зерделеу, ашық сұрақтар бойынша сұқбат жүргізу	Қараша Қаңтар Наурыз Мамыр	ДТІЖО	ДЖК
7	Сабақтан тыс тәрбиелік жобаларды ұйымдастыру және оны іске асыру	«Оқуға құштар мектеп», дебаттық қозғалыс, «Балалар және театр» акциясын өткізу сапасын анықтау	Тәлімгердің жұмыстары, тәрбие орынбасары	жобалардың жоспарларын зерделеу, іс-шараларды талдау	Тоқсан сайын	ДТІЖО Сынып жетекшілер	ӘК
8	«Мектепке жол» қайырымдылық акциясы	Әлеуметтік қорғаусыз қалған отбасы балаларына материалдық көмек көрсетудің сапасын анықтау	Әлеуметтік педагог	Құжаттарды зерделеу, сауалнама	Қыркүйек	ДТІЖО Әлеуметтік педагог	ДЖК
9	Әлеуметтік қорғалмаған отбасы топтарына жататын білім алушылардың санатын анықтау және құжаттарын жинақтау	Жазғы лагерьге тегін ыстық тамақпен, жолдамалармен, өзге де материалдық көмекпен қамтамасыз ету	Әлеуметтік қорғалмаған отбасылар	Құжаттамаларды зерделеу, жабық сұрақтар арқылы сұқбат жүргізу	Қыркүйек	ДТІЖО Әлеуметтік педагог	ДЖК

10	Тегін тамақтануды ұйымдастыру сапасы Оқушыларға тегін ыстық тамақ беруді ұйымдастыру	Әлеуметтік осал отбасылардағы оқушылардың ыстық тамақтануын ұйымдастыруға қойылатын талаптарды сақтау	Әлеуметтік әлсіз отбасылар, оқу ісі жөніндегі орынбасар	асханада бақылау жүргізу, ашық сұрақтармен сұқбаттасу	Қыркүйек, ақпан	ДТІЖО Әлеуметтік педагог	ДЖК
11	Білім беру ұйымдарында психологиялық-педагогикалық қолдау қызметтің ұйымдастыру және әлеуметтік педагог пен психологтың бірлескен жұмыс жоспарының орындалуы. Суицид пен зорлық-зомбылықтың алдын алу	Буллинг/кибербуллинг жағдайларын уақтылы анықтау; зорлық-зомбылықты, өзін-өзі бұзатын мінез-құлықты болдырмау	Психолог	Құжаттамаларды зерделеу, сауалнамалар алу, сұқбаттасу	Қазан Желтоқсан Наурыз	ДТІЖО Әлеуметтік педагог Мектеп психологы	ДЖК
12	ҚР мемлекеттік рәміздерін насихаттау жұмысының барысы	ҚР мемлекеттік рәміздерін қолдану және насихаттау жұмыстарының сапасы	Жылдық жұмыс жоспары	Сынып жетекшілердің жұмыстарын зерделеу, мектептегі іс-құжаттарды зерделеу	Қазан Желтоқсан мамыр	ДТІЖО	ДЖК

13	Қолайсыз отбасыларға, «Тәуекел топтары» оқушыларына әлеуметтік-психологиялық көмек көрсету бойынша жұмыстың жай-күйі (жеке консультациялар)	Құқық бұзушылыққа бейім, сабақты дәлелсіз себептермен өткізбейтін және теріс қылықтар жасайтын оқушылармен профилактикалық іс-шаралардың сапасын диагностикалау	Тәуекел топтағы балалардың құқық бұзушылықтарының алдын алу бойынша жұмыс	Құжаттамаларды зерделеу, сауалмалар алу, бақылау	Желтоқсан Сәуір	ДТІЖО Мектеп психологы Әлеуметтік педагог	ПК
14	Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу жөніндегі жұмыстың жай-күйі	Ааудандық ІІБ, ұйымдарымен бірлескен жұмыстың болуын және іске асырылуын бақылау	Бірлескен жұмыс жоспары	Жоспарларды талдау	тамыз желтоқсан сәуір	ДТІЖО Мектеп психологы Әлеуметтік педагог	ДЖК
16	Ұлдар мен қыздар жұмысы	Құқық бұзушылыққа, қауіпсіздікке кеңес беру, қолдау және алдын алу жөніндегі кеңестер жұмысының оң нәтижелерін зерделеу	Ұлдар мен қыздар жұмысы	Құжаттамаларды зерделеу, жиналыстар хаттамалары	Желтоқсан сәуір	ДТІЖО	СЖО
17	Даналық мектебінің жұмысын ұйымдастыру	Әкелер, аналар, ағалар, жеңгелер мектебінің жұмысының нәтижесін зерделеу	Жұмыс жоспары	Құжаттамаларды зерделеу, жиналыстар хаттамалары	Қыркүйек сәуір	ДТІЖО	ПК

